

"Б" корпусындағы Түркістан қалалық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың әдістемесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 45/257-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 қазанда № 3349 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2016 жылғы 3 ақпандағы № 53/299-V шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 03.02.2016 № 53/299-V шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

«Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қафидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы Жарлығының 27 тармағына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 86 «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың ұлгілік әдістемесін бекіту туралы» бүйріғына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Б» корпусындағы Түркістан қалалық мәслихат аппаратының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың Әдістемесі осы шешімнің қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн отken соң қолданысқа енгізіледі.

<p style="text-align: center;"><i>К а л а л ы к</i> сессиясының төрағасы  хатшысы Түркістан 2015 № 45/257-V</p>	<p style="text-align: center;"><i>М ә с ли х а т</i> А.Мәди  <i>F.Сарсенбаев</i> қалалық жылғы 25</p>	<p style="text-align: center;"><i>М ә с ли х а т</i> мәслихатының қыркүйектегі</p>
---	---	--

**«Б» корпусындағы Түркістан қалалық мәслихат аппараты мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалау әдістемесі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін жыл сайынғы бағалаудың үлгілік әдістемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы № 327 «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу және оларды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Жарлығын іске асыру үшін әзірленді және «Б» корпусындағы Түркістан қалалық мәслихат аппараты мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі - қызметшілер) қызметіне жыл сайынғы бағалау жүргізу тәсілін айқындаиды.

2. Қызметшілердің қызметін жыл сайынғы бағалау (бұдан әрі - бағалау) олардың жұмыс тиімділігі мен сапасын айқындау үшін жүргізіледі.

3. Бағалау мемлекеттік әкімшілік қызметте болған әрбір жыл өткен сайын, көрсетілген мерзім басталған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей, бірақ осы лауазымға орналасқан күннен бастап алты айдан ерте емес мерзімде жүргізіледі.

4. Қызметшілерді бағалау мыналардан:

1) қызметшінің тікелей басшысының бағалауы;  
2) айналмалы бағалау (қызметшінің қарамағындағы немесе олардың әрі пістерінің бағалауы).

5. Қызметшінің тікелей басшысы оның лауазымдық нұсқаулығына сәйкес өзі бағынатын тұлға болып табылады.

6. Бағалау нәтижелері бойынша қызметшілер қызметіндегі кемшіліктерді жою бойынша ұсыныстар әзірленеді, олардың қызметіндегі жақсартуды қажет ететін бағыттар айқындалады, тағылымдамадан өткізу, ілгерілету бойынша ұсыныстар әзірленеді.

7. Қызметшінің соңғы үш жыл бойы екі «қанағаттанарлықсыз» деген баға алуы, оны аттестаттаудан өткізуге негіз болып табылады.

Аттестаттаудан өткізу туралы шешім қабылдау кезінде алдыңғы аттестаттаудан өткізуге негіз болған бағалау нәтижелері ескерілмейді.

8. «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған қызметші мемлекеттік әкімшілік лауазымға алғаш қабылданған тұлғаға тәлімгер ретінде бекітілмейді.

9. Қызметшінің қорытынды бағасын тұрақты жұмыс істейтін Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) бекітеді, оны қызметшіні лауазымға тағайындау және лауазымнан босату құқығы бар адам құрады.

10. Комиссия кемінде үш мүшеден, соның ішінде төрағадан тұрады.

11. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешүші болып табылады.

Комиссия төрағасы болып Түркістан қалалық мәслихат аппаратының  
басшысы б о л ы п т а б ы л а д ы .

Комиссия хатшысы Түркістан қалалық мәслихат аппараты кадр қызметінің (персоналды басқару қызметінің) қызметкері болып табылады (бұдан әрі – Комиссия Хатшысы). Комиссия Хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

Егер Комиссия құрамына оған қатысты бағалау жүргізілетін қызметшінің тікелей басшысы, сондай-ақ осы Әдістеменің 4-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген қызметшілер кіретін болса, олар осы қызметшіге қатысты дауыс беруге және шешім қабылдауға қатыспайды.

## 2. Бағалау жүргізуға дайындық

12. Комиссия Хатшысы Комиссия төрағасының келісімі бойынша бағалауды өткізу к е с т е с і н ә з і р л е й д і .

Комиссия Хатшысы бағалау өткізуге дейін бір айдан кешіктірмей бағаланатын қызметшіге, сондай-ақ осы Әдістеменің 4-тармағында көрсетілген тұлғаларға бағалау жүргізілетіні туралы хабарлайды және оларға толтыру үшін бағалау парағын жібереді.

## 3. Тікелей басшының бағалауы

13. Тікелей басшы осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тікелей басшысының бағалау парағын Комиссия Хатшысынан алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде толтырады, қызметшіні толтырылған бағалау парағымен таныстырады және екі жұмыс күні ішінде толтырылған бағалау парағын К о м и с s i я Х а t ш y s i n a қайтарады.

Қызметшіні толтырылған бағалау парағымен таныстыру жазбаша немесе электронды нысандарда жүргізіледі.

Қызметшінің танысадан бас тартуы құжаттарды Комиссия отырысына жіберуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда Комиссия хатшысы және тікелей басшысы танысадан бас тарту туралы еркін нұсқада акт жасайды.

## 4. Айналмалы бағалау

14. Айналмалы бағалау қызметшінің қарамағындағы адамдардың, ал қарамағындағы адамдар болмаған жағдайда - қызметші жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшеде лауазымды атқаратын адамның (олар болған жағдайда) бағалаудын б і л д і р е д і .

Мұндай адамдардың тізімін (үш адамнан аспайтын) қызметшінің лауазымдық міндеттері және қызметтік өзара әрекеттестігіне қарай Комиссия Хатшысы

бағалау жүргізілгенге дейін бір айдан кешіктірмей анықтайды.

15. Осы Әдістеменің 14-тармағында көрсетілген тұлғалар осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда бағалау парагын толтырады.

16. Осы Әдістеменің 14-тармағында көрсетілген тұлғалармен толтырылған бағалау парагы оларды алған күннен екі жұмыс күні ішінде Комиссия Хатшысына жіберіледі.

17. Комиссия Хатшысы осы Әдістеменің 14-тармағында көрсетілген тұлғалардың орта бағасын есептейді.

18. Осы Әдістеменің 14-тармағында көрсетілген тұлғалармен бағалау жасырын түрде жүргізіледі.

## 5. Қызметшінің қорытынды бағасы

19. Комиссия Хатшысы қызметшінің қорытынды бағасын мына формула бойынша Комиссия отырысына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей есептейді:

$$\begin{array}{rcl} a & = & b + c \\ a - \text{қызметшінің} & \text{қорытынды} & \text{бағасы}, \\ b - \text{тікелей} & \text{басшының} & \text{бағасы}, \\ c - \text{осы} & \text{Әдістеменің} & \text{14-тармағында} \\ & \text{көрсетілген} & \text{тұлғалардың} \\ & \text{орталық} & \text{бағасы.} \end{array}$$

20. Қорытынды баға мына шкала бойынша қойылады:

21 балдан төмен – «қанағаттанарлықсыз»,  
21-ден 33 балға дейін – «қанағаттанарлық»,  
33 балдан жоғары – «тиімді».

## 6. Комиссияның бағалау нәтижелерін қарауы

21. Комиссия Хатшысы Комиссия төрағасымен келісілген кестеге сәйкес бағалау нәтижелерін қарау бойынша Комиссияның отырысын өткізуіді қамтамасыз етеді.

Комиссия Хатшысы Комиссияның отырысына мына құжаттарды:

- 1) толтырылған тікелей басшының бағалау парагын;
- 2) толтырылған айналмалы бағалау парагын;
- 3) қызметшінің лауазымдық нұсқаулығын;

4) осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қорытынды баға көрсетілген Комиссия отырысы хаттамасының жобасын тапсырады.

22. Комиссия бағалау нәтижелерін қарастырады және мына шешімдердің бірін шығарады:

- 1) бағалау нәтижелерін бекітеді;
- 2) бағалау нәтижелерін қайта қарайды.

Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылдаған жағдайда

Комиссия хаттамада тиісті түсіндірмемен келесі жағдайларда бағаны тұзетеді:

1) егер қызметшінің қызмет тиімділігі бағалау нәтижесінен көп болса, бұл ретте қызметшінің қызмет нәтижесіне құжаттамалық растау беріледі;

2) қызметшінің бағалау нәтижесін санауда қате жіберілсе.

Бұл ретте қызметшінің бағасын төмендетуге жол берілмейді.

23. Комиссия Хатшысы бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң бес жұмыс күні                  ішінде                  қызметшіні                  таныстырады.

Қызметшіні бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша немесе электронды нысанда                  жүргізіледі.

Қызметшінің танысадан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда Комиссия Хатшысы танысадан бас тарту туралы еркін нұсқада акт жасайды.

24. Осы Әдістеменің 21-тармағында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ Комиссия отырысының қол қойылған хаттамасы қалалық мәслихат аппаратының кадр қызметінде (персоналды басқару қызметінде) сақталады.

## 7. Бағалау нәтижелеріне шағымдану

25. Комиссия шешіміне қызметшінің мемлекеттік қызмет істері және сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық департаментіне шағымдануы шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні                  ішінде                  жүзеге                  асырылады.

26. Мемлекеттік қызмет істері және сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган немесе оның аумақтық департаменті қызметшіден шағым түсken күnіnen бастап он жұмыс күnі іshіnde шағым қaрайdы жәne бұzushыlyқtar anықtalғan жaғdайda, мемлекеттік органғa Комиссия шешіmіnің kүshіn                  жою                  туралы                  ұsыныс                  жасайды.

27. Қабылданған шешім туралы ақпаратты мемлекеттік орган еki apta iшіnde мемлекеттік қызмет істері және сыйлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық департаментіне береді.

«Б»	корпусындағы	Түркістан	қалалық
мәслихат	аппараты	мемлекеттік	
әкімшілік	қызметшілерінің	қызметін	
жыл	сайынғы	әдістемесіне	
1-қосымша	бағалау		
Нысан			

## Тікелей басшысының бағалау парагы

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә.(бар болған жағдайда): \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

№ р/н	Өлшем	Көрсеткіштің мәні (саны)	Баға (балл)
1.	Бастамашылығы	2-ден 5-ке дейін	
2.	Лауазымды міндеттерін орындау сапасы	2-ден 8-ге дейін	
3.	Әрекеттестікке икемділігі	2-ден 5-ке дейін	
4.	Қызметтік этиканы сактауы	2-ден 5-ке дейін	

БАРЛЫҒЫ (барлық бағалардың бағасы):

Т а н ы ս т ы м :	Тікелей басшы Т.А.Ә. (бар болған жағдайда):
Қызметші Т.А.Ә. (бар болған жағдайда):	_____
күні _____	күні _____
қолы _____	қолы _____

«Б»                          корпусындағы                          Түркістан                          қалалық  
 мәслихат                          аппараты                          мемлекеттік  
 әкімшілік                          қызметшілерінің                          қызметін  
 жыл                          сайнығы                          бағалау                          әдістемесіне  
 2-қосымша  
 Нысан

### Айналмалы бағалау парагы

Бағаланатын қызметшінің Т.А.Ә..(бар болған жағдайда): \_\_\_\_\_

Бағаланатын қызметшінің лауазымы: \_\_\_\_\_

№ р/н	Өлшем	Көрсеткіштің мәні	Баға (балл)
Бағынышты адам			
1	Жұмысты жоспарлай алу кабілеті	2-ден 5-ке дейін	
2	Жұмысқа ынталандыру қабілеті	2-ден 5-ке дейін	
3	Қызметтік этиканы сактауы	2-ден 5-ке дейін	
Барлығы (барлық бағалардың бағасы):			
Әріптесі			
1	Топта жұмыс істей алу қабілеті	2-ден 5-ке дейін	
2	Қызметтік этиканы сактауы	2-ден 5-ке дейін	
3	Лауазымды міндеттерін орындау сапасы	2-ден 5-ке дейін	
Барлығы (барлық бағалардың бағасы):			

«Б»                          корпусындағы                          Түркістан                          қалалық  
 мәслихат                          аппараты                          мемлекеттік  
 әкімшілік                          қызметшілерінің                          қызметін

жыл

сайынғы

бағалау

әдістемесіне

3-қосымша

Нысан

## Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

### (мемлекеттік орган атауы)

№ р/р	Қызметшінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)	Тікелей басшының бағасы	Айналмалы баға	Қорытынды баға
1				
...				

Комиссия

корытындысы:

Тексерген:

Комиссия

хатшысы:

Күні:

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Комиссия

төрағасы:

Күні:

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

Комиссия

мүшесі:

Күні:

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)